Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 342-343

ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

Ахметов А.М.

Инновация – жаңа экономиканың негізі. Қазіргі кезде де жаңа технология жасауға жағдай жасайтын және оны өндірістік процестерде шапшаң қолданатын экономикалық жүйенің еңбек өнімділігінің дүниежүзілік бәсекесінде орасан зор артықшылықтары бар. Дамушы елдердің барлығы дерлік еңбекті қажет ететін өндірістен капиталды, озық технология мен ғылымды қажет ететін өндірістерге дейінгі жолдан өтті. Енді серпіліс әкелетін ел экономикасы – ғылымға, инновациялық жаңғыру мен ілгерілеудің өзінен күш алуы тиіс. Экономика саласында технологиялық, одан әрі интеллектуалдық-ақпараттық бағыт басымдылық алуы аса қажет.

Дамып келе жатқан немесе өтпелі экономикалы елдердің экономикалық дамуы – бұл жай ғана ішкі жалпы өнімнің адам басына шаққандағы өсу қарқыны емес, бұл экономиканың өсуі, яғни, ішкі жалпы өнімнің сапалық тұрғыдан да өсуі. Жаңартылған өскелең өндіріс аппараты, жаңа алдыңғы қатарлы технологиялар, өндірістің жоғарғы ғылыми-техникалық деңгейі, экономиканың шикізат өндіруге емес, жоғары деңгейлі технологияға және ғылыми молыққан инновациялық жүйеге құрылуы, яғни әлемдік нарықтың толқымалы конъюктурасына байланған бәсекелестігі жоғары өнімдерді өндіруі – осы саланың көрінісі болып табылады.

Қазақстан үшін әлемдік экономикаға ықпалдасу – ең бір өзекті мәселелердің бірі. Оны мына екі фактімен дәлелдеуге болады. Мысалы, еліміздегі экспорт көлемі жылдық жалпы ішкі өнімнің мөлшерінен 40 пайызға артық. Яғни, біз жылына 25 млрд.доллар көлемінде өнім өндіретін болсақ, оның 11-12 млрд.-ын сыртқа шығарамыз. Сондықтан да бұдан былай осы өнімдерімізді дүниежүзілік нарықта лайықты қорғай білуіміз керек.

Өткен жылдармен салыстырғанда, өнеркәсіп өндірісінің дамуында анағұрлым жоғары межелер белгіленіп отыр. Бұл салада жыл сайынғы орташа даму қарқыны 9-9,5 пайызды құрауға тиіс. Сондай-ақ, экономиканың даму қарқыны сыртқы факторлардың ықпалына да тәуелді болып келеді. Ал ол факторларды перспективалық жоспарларды жасаған кезде ескермесе болмайды. Елдер арасындағы бәсекелестіктің жаһандық тұрғыда шиеленісе бастаған қазіргідей кезеңінде негізгі макрокөрсеткіштерді одан әрі жақсартуды қамтамасыз ету негізгі міндеті.

Өндіріс пен экспортқа бағытталған шикізат ресурстары ұлттық экономиканың дағдарысынан өтті және соңғы жылдардағы жоғары экономикалық өсімді қамтамасыз етіп келеді. Демек, осы өсім болашақта экономикамызды постиндустриялдық дамудан қызмет көрсету мен технологиялық даму жолына шығарады. Экономикамызды сыртқы факторлардан

сақтау үшін де елімізде жоғары технологиялық өндірістің діңгегін қағуымыз керек. Оның басты бағыттары Елбасының биылғы Жолдауында және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған дәрісінде: “Қазақстанның алдағы он жылда бәсекеге барынша қабілетті, дамыған 50 елдің қатарына қосылу мақсатын орындау жолындағы басымдықтың бірі – осы заманғы білім, ғылым мен инновацияны дамыту қажет”, - деп атап өткен еді.

Әлемдік өркендеудің алдыңғы елулігіне ену – кемел келешектің маңызды сатысы. Алайда соңғысы емес. Елулік – бүгінгі меже. Ал басты мақсаттың одан да биік болуы заңдылық. Межені бағындыру, негізгі мақсатқа барынша жақындай түсу бағытындағы жұмыстар өміріміздің барлық саласында бірдей күнделікті атқарылып жатуы қажет. Бұл жағдай ғылым мен инновацияға тікелей қатысты. Ғылыми-инновацияның өркендеуіне кең өріс ашылмайынша, толыққанды дамуға қол жеткізу мүмкін емес.

Қазақстанда инновациялық дамудың ұлттық жүйесі біртіндеп қалыптасып келеді, сондықтан біз үшін осы жолдан өтіп, бүгінде айтарлықтай экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік тиімділіктерге қол еткізіп отырған елдердің тәжірибесі өте қызғылықты. Осыған орай, өнеркәсіп саласын дамыту барысында кластерлер желілерінің құрылуына көп қолдау көрсетілуде. Кластерлер таяу орналасқан кәсіпорындарды бір орталыққа шоғырландыра отырып, тізбектелген технология бойынша соңғы өнім шығаруға қол жеткізудің бірегей тәжірибесі болып табылады. Сонымен қатар, нарықтық және сараптамалық орталықтар мен инжиниринг, технологиялық трансферт пен ғылыми қор құру жайында шешім қабылданды.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық секторы үлкен әлеуетке ие, ол әлеует елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына барынша жұмсалады. Еліміздің ғалымдарының ұсыныстары негізінде Отанымызда бірнеше өндіріс орындарында тың технологияларды енгізу мәселесі қолға алына бастады. Осылайша индустрияның жаңа саласын қаржыландыру туралы шешім қабылданды. Аэроғарыш саласындағы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту, сондай-ақ, көптеген аймақтарға өндірістік бірлестіктерінің өнеркәсіптік базасы негізінде арнаулы технопарктер құрылып, биотехнологиялық өндіріс жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілуде.

Құрылып жатқан технологиялық парктерде инновациялық үрдістерді жолға қоюда шетелдік әріптестерге айрықша орын бөлінеді.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес біз экономиканың шикізаттық бағытынан арылып, Қазақстанның индустрияландырылуын тереңдетуге, мәшине жасау мен өнеркәсіп жабдықтарын шығаруды жолға қоюға тиіспіз. Демек, өз жұмысында инновациялық ойларды іске асыра білген адам да, компания да алдыңғы қатардан көрінеді деген сөз. Яғни, инновация дамудың қозғаушы күші болмақ.

Отандық өнімдердің халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда әлемдік стандарттар мен сертификаттарға көшудің маңыздылығы зор. Яғни, шығарылатын өнімдеріміздің әлемдік стандарттарға сай келуіне баса назар аударуымыз қажет.

Еліміздің индустриялық-инновациялық дамуының 2015 жылға арналған стратегиясына сәйкес негізгі күш экономиканың шикізаттық емес бағыттағы

салаларында жұмыс істейтін бәсекеге қабілетті, соның ішінде экспортқа бағдарланған өндірістерді дамытуға және құруға бағытталады. Ұзақ мерзімді стратегиялық міндеттерді шешу мақсатында басты назар ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялы өндірістерді дамыту үшін жағдай жасауға аударылатын болады.

Инновацияның, яғни жаңалықтың, жаңа туған немесе жаңадан қолданысқа енгізілген дүниенің халыққа берері көп болады.

Ғылыми жетекші: А.М. Балкибаева, э.ғ.к., доцент